**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі**

# БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

**Пән**: «Науқастарды оқыту»
**Мамандығы**: 0302000 - "Мейіргер ісі"
**Біліктілігі**: 0302043 - "Жалпы практика мейіргері"

Курс: 4
Семестр: 8
Қорытынды бақылау түрі: Д\сынақ
Жалпы еңбек сыйымдылығы сағат/кредиттер KZ: 48/2
Аудитория: 20
Симуляция: 28

**Шымкент 2023ж.**

Бақылау өлшеу құралдары «Науқастарды оқыту» пәнінің жұмыс бағдарламасы (силлабусы) негізінде құрастырылды.

Құрастырушы:____________________ Ә.Б.Оңбаева

Хаттама № 1 "1" 09 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі:____________________ Г.Н. Айбекова

**8.1. Пән/модуль бойынша тесттер**
**Аралық бақылау 1**

1.Науқасты және оның отбасын күтім жасауға үйретуде мейірбике назар аудару қажет.
A. науқас пен оның отбасының білуін және істей алуын анықтауға
B. дәрігерден рұқсат алуға
C. аға мейірбикені ескертуді
D. аға мейірбикеден рұқсат алуға
E. отбасынан рұқсат алуға
2.... пайда болуы жауыржараның бірінші белгісі болып табылады.
A. тұрақты кетпейтін қызару бөлігінің
B. қарағаннан кейін 1-2 минуттан кейін тері қызаруы жоғалуының
C. жауыр жара дамуы мүмкін жердің терісінің бозаруы
D. терінің некрозды бөлігінің
E. терінің баздану (мацерация) бөлігінің
3.Жауыржара дамуы мүмкін факторға ... жатады.
A. ылғалды тері жабындысы
B. семіздік
C. науқастың есінің жоқтығы
D. қант диабеті
E. емді тоқтату
4.Ауыр халдегі науқас үлкен дәретке отырғанда ... керек.
A. кленка төсеу
B. дәретсауытты суық сумен шаю
C. науқасты ширмамен бөлу
D. дәретсауытты жылы сумен шаю
E. дәретсауыттың ішінде су қалдыру
5.Ауыр халдегі науқастың ауыз қуысына ... өңдеу жүргізу қажет.
A. әр тамақ қабылдағаннан кейін
B. әрбір 2 сағатта
C. күніне 3 рет
D. әрбір 4 сағатта
6.Күтімнің сапасын бағалау көрсеткішіне ... жатады.
A. науқастың қанағаттануы
B. дәрігердің қойған мақсатының нәтижеге жетуі
C. үрдіс стандартының талабының сақталуы
D. мейірбике жұмысының орындалуы
E. науқасты толық тексеру
7.Жауыржараны алдын-алу мақсатында науқастың төсектегі қалпының стандарты бойынша ... ауыстыру қажет.
A. 2 сағат сайын
B. сағат сайын
C. 3 сағат сайын
D. қаншалықты жиі - соншалықты жақсы
E. 4 сағат сайын
8.Өз еркімен қозғала алмайтын жағдайдағы науқастың қалпын ... деп атайды.
A. мәжбүрлік
B. белсенді
C. дренажды

D. белсенсіз
E. төсектік
9.Ауыр халдегі науқастың төсегін ... ауыстыру қажет, жауыржараның түзілуін болдырмау үшін.
A. күніне 2-3 рет
B. күніне 1 рет
C. күнара
D. күніне 4 рет
E. күнделікті
10.Жауыр жараның алғашқы сатысында ... болмайды.
A. хирургиялық ем жасауға
B. зақымданған аймаққа физиоем тағайындауға
C. барлық мамандық іс-шараны күшейтуге(төсекті, науқас қалпын ауыстыру, теріні тазалау)
D. 1% бриллиант көгі ерітіндісімен зақымданған жерлерді өңдеуге
E. вазелинмен майлауға
11.Жауыр жара дамуының негізгі сатыларына ... жатады.
A. бозару, қызару, көк дақтың пайда болуы, көпіршіктің түзілуі, эпидермистің қабыршақтануы, некроз
B. цианоз, бозару, гиперемия
C. гиперемия, цианоз, эпидермистің қабыршақтануы, некроз
D. гиперемия, некроз
E. бозару, қызару, бөртпелер
12. Дәрігер 57 жастағы салданған науқастың терісіндегі өзгерістерді көріп, төсек тәртібінде 6 ай жатқан, жауыржараның 2 дәрежесі диагнозын қойды. Терідегі өзгерістер ... типі бойынша болады.
A. жараға айналу
B. терең ойық жаралар
C. қызару
D. тұрақты қызару және мацерация
E. үсік сияқты
13.Дәрігер 57 жастағы салданған науқастың терісіндегі өзгерістерді көріп, төсек тәртібінде 6 ай жатқан, жауыржараның 3 дәрежесі диагнозын қойды. Терідегі өзгерістер ... типі бойынша болады.
A. терең ойық жаралар
B. жараға айналу
C. қызару
D. үсік сияқты
E. тұрақты қызару және мацерация
14.Дәрігер 57 жастағы салданған науқастың терісіндегі өзгерістерді көріп, төсек тәртібінде 6ай жатқан, жауыржараның 4 дәрежесі диагнозын қойды. Терідегі өзгерістер ... типі бойынша болады.
A. некроз
B. терең ойық жаралар
C. қызару
D. жараға айналу
E. тұрақты қызару және мацерация
15.Ауыр омыртқа жарақатын алған науқастың төсегінде қажетті іс-шаралар:
A. жауыр жараның алдын-алу
B. тамыр соғысын санау

C. жүректік дәрілерді енгізу
D. АҚ өлшеу
E. тыныс жиілігін санау

16.Науқас салданған, комалық жағдайда.Осы науқастың күтім ерекшелігіне ... жатады.
A. функциональды-пайдалы қалыпта салданған аяқ-қолды иммобилизациялау
B. дене қызуын өлшеу
C. тырысуға қарсы дәрі енгізу
D. оттегімен емдеу
E. қанды тексеру

17.Төсек және киімдерді уақытылы ауыстыру, жаймада қыртыстарды жою, ұсақтарды жинау, науқастың дене қалпын үнемі ауыстырып тұру ... мақсатында орындалады.
A. жауыржараның алдын-алу
B. су тепе – теңдігін қолдау
C. тұз құрамының реттелу
D. қақырық тастауды жақсарту
E. ағзаны шынықтыру

18.Жауыржара ... пайда болмайды.
A. іштің алдыңғы қабырғасында
B. сегізкөз аймағында
C. табанда
D. жауырын аймағында
E. шүйдеде

19.Ы. 75 жастағы салданған науқас. Шағымдары: сегізкөз, жауырын, тізе асты аймағында қыздырушы ауырсынудың пайда болуы. Қарау кезінде сегізкөз, жауырын, тізе асты аймағында тері жабындысының қабыршақтанып ойылған түрде өзгергені байқалды. Қабыршақтарды ашқан кезде бұлшықеттер, сүйектер көрініп тұр. Бұл ойық жараның ... кезеңі.
A. 4
B. 0
C. 1
D. 2
E. 3

20.Жыныс мүшелерін өңдеу реттілігін анықта:
A. қасаға аймағын, сыртқы жыныс мүшелерін, шат, аналь тесігінің аймағы
B. сыртқы жыныс мүшесі,шат,қасаға аймағы,аналь тесігінің аймағы
C. аналь тесігінің аймағы,шат,сыртқы жыныс мүшесі,қасаға аймағы
D. қасаға аймағы, сыртқы жыныс мүшелері, қасаға аймағы
E. аналь тесігі аймағы.

**Аралық бақылау 2**

1.Басты жуу,тырнақтардың алынуы жүргізіледі:
A. жеті күнде бір рет
B. ластанғанына байланысты
C. аптасына екі рет
D. он күнде бір рет
E. айына бір рет

2.Төсектік тәртіптегі науқастың беті мен мойнын жуу жиілігі:
A. 2-3 рет тәулігіне
B. 1 рет екі тәулікте

C. 2 рет аптасына
D. 1 рет аптасына
E. кунделікті тәулігіне 1 рет

3.Науқасты Фаулер қалпына келтіру- бұл ... болып табылады.
A. төсекте арқасын тік отырғызып орналастыру
B. науқасты оң бүйірімен орналастыру
C. ішімен жатқызу
D. науқасты кереуетте тізе-шынтақ қалпына келтіру
E. бас жағы көтерілген ыңғайлы қалпын қамтамассыз ету

4.Жуыржараның ойылу даму сатысында өңделеді:
A. 1% перманганат калий ерітіндісімен
B. 5% бор қышқылы ерітіндісімен
C. 2% гидрокарбонат натрий ерітіндісімен
D. концентрирленбеген перманганат калий ерітіндісімен
E. әлсіз календула тұнбасымен

5.Науқасты Симс қалпына келтіруге ... жатады.
A. ішпен емес және жанымен емес, аралық қалыпта орналастыру
B. төсекте арқасын тік отырғызып орналастыру
C. науқасты оң бүйірімен орналастыру
D. ішімен жатқызу
E. бас жағы көтерілген қалыпта орналастыру

6.Тері түсінің плеторалдылығы … дамиды.
A. қанда эритроциттер мен гемоглобиннің көбейгенінен
B. қанда қалпына келген гемоглобин жоғарылауынан
C. ағзада газ алмасуы тездегеннен
D. шеткі тамырлардағы қан іркілісінен
E. шеткі тамырлар түйілгеннен

7.Тері түсінің қукылдығы ... дамиды.
A. шеткі тамырлар түйілгеннен
B. қанда қалпына келген гемоглобин жоғарылауынан
C. ағзада газ алмасуы тездегеннен
D. шеткі тамырлардағы қан іркілісінен
E. қанды эритроциттер мен гемоглобиннің көбейгенінен

8.Сананың кома деңгейіне дейін бұзылуы дегеніміз ...
A. наукас терең ұйықтап жатқандай
B. тежеу үдерісінің басымдылығы
C. наукас терең ұйықтап жатқандай, бірақ оятуға болады
D. ұйқысыздық
E. қозу үдерісінің басымдылығы

9.«Садақа сұрау кейпі» ... тән.
A. ревматоидты артритке
B. ревматизмге
C. Бехтерев ауруына
D. құяңға
E. Педжет ауруына

10.Ортопноэ қалпы тән.
A. жүрек жеткіліксіздігіне
B. құяң ауруының жіті ұстамасына

C. жіті тамыр жетіспеушілігіне
D. гипертониялық кризге
E. жіті миокард инфарктісіне
11.Физикалық жүктеме кезінде адамды қимылдамай тұрып қалуға мәжбүр ететін ұстамасы.
A. стенокардия
B. тыныс демікпесі
C. жүрек демікпесі
D. өт шаншуы
E. бүйрек шаншуы
12.Терінің қола түстілігі ... тән .
A. бүйрек үсті безі жеткіліксіздігіне
B. тыныс жеткіліксіздігіне
C. бүйрек жеткіліксіздігіне
D. ішекте ас қорыту жеткіліксіздігіне
E. жүрек-қан тамыр жеткіліксіздігіне
13.Тырнақта сызықтар пайда болуы, оның «қасық» тәрізді боп өзгеруі ... тән.
A. теміржетіспеушілік анемияға
B. витамин В12 жетіспеушілік анемияға
C. гемолитикалық анемияға
D. гипопластикалық анемияға
E. лейкозда
14.Пальпация ... негізделеді.
A. ағзаның көлеміне және саусақ сезіміне
B. көзге көрінетін өзгерістерді аңғаруға
C. тіндер тербелісінен пайда болған дыбыстарды аңғаруға
D. ағзаның қатты, жұмсақтылығына
E. ағзада пайда болған дыбыстарды аңғаруға
15.Перкуссия ... негізделеді.
A. тіндер тербелісінен пайда болған дыбыстарды аңғаруға
B. ағзаның көлеміне және саусақ сезіміне
C. көзге көрінетін өзгерістерді аңғаруға
D. ағзаның қатты, жұмсақтылығына
E. ағзада пайда болған дыбыстарды аңғаруға
16.Пальпация әдісін айтарлықтай жетілдірген:
A. В. П. Образцов, Н. Д. Стражеско
B. Г. А. Захарьин
C. С. П. Боткин
D. Гиппократ
E. М. Я. Мудров
17.Пальпация кезінде дәрігердің ең дұрыс қалпы:
A. өзіне ыңғайлы қалыпты таңдайды
B. отырады
C. қалпын өзгертіп тұрады
D. түрегеп тұрады
E. дәрігер қалпының мәні жоқ
18.Беткейлі пальпациямен анықталмайтын деректер:
A. іш қуысы ағзалары жәйі
B. <variant>лимфа түйіндері жәйі

C. бұлшық ет, сүйектер
D. буындар жәйі
E. тері және тері асты шелдің жағдайы

19.Перкуторлы дыбыстың негізгі параметрлері:
A. тіндер терендігі
B. дыбыс ұзақтығы
C. тіндер тербелісі амплитудасы
D. дыбыс күші
E. ағза көлемі

20.Перкуторлы дыбыс қаттылығы ... байланысты.
A. перкуссия күшіне
B. дыбыс ұзақтығына
C. тіндер тербелісі амплитудасына
D. тіндер терендігіне
E. ағза көлемі

**8.2. Пән/модуль бойынша тест, емтихан сұрақтары**

1. Науқасты оқытудың принциптері.
2. Жауыр жара кезіндегі тері күтімін науқасқа үйрету.
3. Стационарлық жағдайдағы науқастарға гигиеналық күтім ережелерін үйрету
4. Науқасты оқытудың әдістері.
5. Науқастарға психологиялық тұрақтылықты сақтауды үйрету
6. Науқастың туыстарына үйде көмек көрсетуді үйрету.
7. Науқастарды және оның отбасын үйрету қағидалары.
8. Науқастарға құлақ күтімін жүргізуді үйрету.
9. Ойылудың алдын – алу мақсатында науқасқа тері күтімін үйрету.
10. Науқастарды және оның отбасын үйрету принциптері.
11. Науқастарға шаш күтімін жүргізуді үйрету.
12. Мүмкіндігі шектеулі науқастарға күтім жүргізуді туыстарына оқыту
13. Науқастарды және оның отбасын үйрету кезеңдері.
14. Науқастарға тырнақ күтімін жүргізуді үйрету.
15. Мүмкіндігі шектеулі науқастардағы пайда болатын жанама әсерлердің алдын-алу.
16. Науқастардың функционалды жағдайын бағалау.
17. Жағдайы ауыр науқастарды күтуді туыстарына үйрету
18. Науқас туыстарына психологиялық қолдау көрсету әдістерін үйрету.
19. Науқастардың өзін өзі күтіміне үйрету.
20. Асқазан аурулары бар науқастарға емдік диетаны ұстануды үйрету.
21. Мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасына психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді үйрету.
22. Науқастың және отбасының жоспарлауға қатысуының маңыздылығы
23. Жауыр жаралар кезінде үй жағдайында таңу жасауды үйрету.
24. Мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасына жұмыс жүргізу алгоритмін үйрету.
25. Науқаска бағытталған тиімді карым-қатынастағы кедергілер.
26. Жүрек бұзылыстары бар науқастарға емдік диетаны сақтау ережесін үйрету .
27. Науқастың отбасына үй жағдайында көмек көрсету қажеттіліктерін ұйымдастыруды үйрету.
28. Науқасты оқыту кезеңдері
29. Науқасқа жауыр жараның алдын алудың жалпы тәсілдерін үйрету.
30. Науқастарды каталкамен, кресло-каталкамен тасымалдауға туыстарын үйрету

31. Науқастарға құлақ күтімін үйрету.
32. Халі ауыр науқастардың жақын туыстарына күтім жасауды үйрету.
33. Науқастарға дене қозғалысының маңыздылығын түсіндіріп, сүйемелдеп жүру ерекшеліктерін үйрету.
34. Науқастарға тері күтімін үйрету.
35. Науқастардың кереуетте орнын ауыстыруға туыстарын үйрету
36. Әр-түрлі аурулары бар науқастар мен оның туыстарын күтім ережелеріне уйрету.
37. Науқастардың өзін өзі күтіміне үйрету
38. Дене биомеханикасы және эргономика негіздеріне үйрету.
39. Науқастарды каталкамен, кресло-каталкамен тасымалдауға туыстарын үйрету
40. Бауыр аурулары бар науқастарға емдік диета ережелерін үйрету
41. Науқастардың туыстарына мүмкіндігі шектеулі пациенттерге күтім жүргізуді үйрету.
42. Науқастардың туыстарына дене биомеханикасы мен Эргонмика негіздерін түсіндіріп, ақпараттандыру.
43. Науқастармен қарым-қатынас принциптері.
44. Науқас туыстарына артериялық қысымды өлшеу техникасын үйрету
45. Науқастардың кереуетте орнын ауыстыруға туыстарын үйрету.
46. Әр-түрлі аурулары бар науқастарды күтім қағидаларына уйрету.
47. Науқастарға психологиялық тұрақтылықты сақтауды үйрету
48. Жауыр жараның 1 – ші дәрежесі кезіндегі күтім ережесін науқасқа үйрету
49. Жеке бас гигиенасын жүргізу дағдыларын үйрету.
50. Ойылудың алдын алу, тері күтімін жүргізуді үйрету.
51. Емдеу үрдісіне науқастар мен олардың отбасы мүшелерін тарту және ақпараттандыру
52. Ойылудың алдын алу, тері күтімін жүргізуді үйрету.
53. Жағдайы ауыр науқастардың терісіне күтім көрсетуді туыстарына үйрету.
54. Қан – тамыр аурулары кезіндегі емдік диетаны сақтау ережелерін үйрету.
55. Науқасты оқыту түсінігі
56. Жеке бас гигиенасын жүргізу дағдыларын үйрету.
57. Артериялық гипертенция кезіндегі емдік диета ережесін сақтауды науқасқа үйрету
58. Науқасты оқытудың принциптері.
59. Халі ауыр науқастардың жақын туыстарын үйрету.
60. Науқастарды кресло-каталкамен тасымалдауға туыстарын үйрету.
61. Науқастардың өзін өзі күтіміне үйрету.
62. Науқастардың кереуетте орнын ауыстыруға туыстарын үйрету.
63. Буйрек аурулары бар науқастарға емдік диетаның негізгі ережелерін үйрету.
64. Науқастардың өзін өзі күтіміне үйрету.
65. Жүрек аурулары бар науқастарға ЕДШ ережелерін үйрету
66. Емдеу үрдісіне науқастар мен олардың отбасы мүшелерін тарту және ақпараттандыру
67. Науқастарға шаш күтімін үйрету.
68. Науқастардың кереуетте орнын ауыстыруға туыстарын үйрету
69. Науқастар және олардың отбасы мүшелерімен қарым-қатынастың жалпы принциптері
70. Науқастарды және оның отбасын үйрету кезеңдері
71. Мәжбүрлік қалыптағы науқастардың ауыз қуысына күтім жасауды үйрету.
72. Амбулаторлық жағдайдағы науқастарға гигиеналық күтім ережелерін үйрету
73. Мүмкіндігі шектеулі науқастарға күтім жүргізуді үйрету.
74. Науқасқа жауыр жараның алдын алудың жалпы тәсілдерін үйрету.
75. Науқастарды каталкамен, кресло-каталкамен тасымалдауға туыстарын үйрету
76. Науқасқа ойылудың алдын алу, тері күтімін жүргізуді үйрету.

77. Жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары кезінде күтімін жүргізуді үйрету
78. Науқастарға дене қозғалысының маңыздылығын түсіндіріп, сүйемелдеп жүру ерекшеліктерін туыстарына үйрету.
79. Науқастарға білім беру жоспарын жүзеге асыру
80. Науқастарға тырнақ күтімін жүргізуді үйрету.
81. Мүмкіндігі шектеулі науқастардағы пайда болатын жанама әсерлердің алдын-алу
82. Науқастарға ауыз қуысының күтімін үйрету
83. Отадан кейінгі науқастардың туыстарына тері күтімін үйрету.
84. Науқастардағы ауыз қуысының күтімін іске асырудың алғы-шарттарын туыстарына үйрету.
85. Науқастарға көздің күтімін үйрету
86. Асқазан аурулары бар науқастарға емдік диетаны ұстануды үйрету.
87. Мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасына психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді үйрету.
88. Науқастарға мұрын күтімін үйрету.
89. Отадан кейінгі науқасқа емдік тамақтану ережелерін үйрету.
90. Науқастың отбасына үй жағдайында көмек көрсету қажеттіліктерін ұйымдастыруды үйрету.

**8.3. Білімді бағалау критерийлері мен ережелері: әрбір деңгейдегі білімді бағалау шкаласы мен критерийлері (ағымдағы, аралық, қорытынды бақылау) Сабақтардың барлық түрлерін бағалау ережелері.**

Оқыту нәтижелерін бақылау және бағалаудың нысандары мен әдістері білім алушыларда кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуын ғана емес, сонымен қатар базалық құзыреттіліктер мен оларды қамтамасыз ететін дағдылардың дамуын тексеруге мүмкіндік беруі керек.

Білімді бағалау-бұл білім алушылардың оларды меңгеру деңгейіне қол жеткізген оқу бағдарламасында сипатталған эталондық көрсеткіштермен салыстыру процесі.

Бағалаудың мақсаты-білім алушылардың оқу-танымдық қызметін ынталандыру және бағыттау. Бағалаудың негізгі талаптары: объективтілік, жариялылық, айқындық, тиімділік, жан-жақтылық, маңыздылық және бедел. Бақылаудың барлық түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау - үлгерімді ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау №1 кестеге сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

№1 кесте

**Рейтинг шкаласы**

| Әріптік баға жүйесі | Сандық эквивлент | Баллдар (%-дық көрсеткіш) | Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D- | 1,0 | 50-54 | |
| F | 0 | 0-49 | Қанағатсыз |

| | |
| --- | --- |
| Бағалау критерилері | ***Өте жақсы «А»:*** Студент сұрақтарға толығымен жауап берген жағдайда<br>***Жақсы «В+» - «С+»:*** Студент білімін орта қалыпта жауап берген жағдайда<br>***Қанағаттанарлық «С» - «D»:*** Студент сұрақтарға қанағаттанарлық жағдайда<br>***Қанағатсыз «F»*:** Студент сұрақтарға толық емес жауап берген жағдайда |

Пән бойынша қорытынды баға мынадай формула бойынша бақылаулар нысандарының белгіленген қатынасына сүйене отырып ресми ведомостьқа енгізілген кезде автоматты түрде есептеледі:
Қорытынды баға = (ТК (аудиториялық, семинарлар) + ТК (аралық бақылау) + СӨЖ) = РД (жіберу рейтингі) х 60% + баға (Э х 40%)Емтихан(жеке): қорытынды емтихан.
Оларды орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ұсынымдар) :
Аудиторияға (дәрістерге, семинарларға) дайындық кезінде берілген үлестіру материалын мұқият оқып, қайталау)
Бағалау критерилері:
Қорытынды тест: барлық курстың білімі мен түсінігін тексеруге.
Тестте 50-ден 100-ге дейінгі сұрақтан, әр дұрыс жауап-1 балл.
**Тапсыру мерзімі:** Орындалған тапсырмаларды жүктеу үшін белгіленген мерзім: оқу курсын аяқтаған сәттен бастап екі апта. Уақытында тапсырылмаған жағдайда төмендету коэффициенті қолданылады: мысалы, 0,75-0,9.